

Қарағанды облысы білім басқармасының Шахтинск қаласы
білім бөлімінің "Оқушылар сарайы" КМҚК

**Қамқоршылық кеңес отырысының
№4 хаттамасы**

Өткізу күні мен уақыты: 2025ж.26.12, сағат 16:30-де (бейнеконференция режимінде)

Қатысқандар: 10 кісі

Қамқоршылық кеңесінің

төрайымы: Сторожко И.Д.

Қамқоршылық кеңесінің мүшелері:

Кропачева Л.А., Варзаев А.С.,

Гордеева Т.В., Шульгинова Р.В.,

Сагадиева С.С., Зылгарина Ж.Е.,

Гриценко Н.В.

ОС директоры – Шмик И.Э.,

бухгалтер Чайкина С.А.,

Болмағандар: 1 кісі.

Нурпеисова Б.Ж. –себеппен

Күн тәртібі:

- 1."Қосымша білім берудегі ғылыми-техникалық шығармашылықты дамыту" ("Кеменгер" техноорталығының жұмыс тәжірибесінен)
2. "Оқушылар сарайы" КМҚК директорының 2025 жылға арналған бюджет қаражатының мақсатты жұмсалуды және 2026 жылға арналған қаржыландыру туралы есебі
- 3.2025 жылғы кезеңдегі Қамқоршылық кеңестің қызметін талдау

Тыңдады:

1. Бірінші сұрақ бойынша Оқушылар сарайының директоры И.Э.Шмик сөз сөйледі, ол барлық қатысушыларды сарайда ҒТШ жүйесін дамыту үшін өткізілген іс-шаралармен таныстырды. Ең бастысы - "Қазақстан халқы" ҚҚ, "Білім беруді тұрақты дамыту Қоры" ҚҚ бірлесіп және "Базисный дүкен" ЖШС қатысуымен "Қарағанды облысының қосымша білім беру ұйымдарында STEM-оқытуды енгізу ҚН" қайырымдылық жобасы сәтті іске асырылды, оның шеңберінде материалдық-техникалық базаны жаңғырту, қазіргі заманғы талаптарға сәйкес Оқушылар сарайының техникалық базасын кеңейту және жетілдіру өтті.

Сөз сөйлегендер:

1.Сагадиева С.С. – Қамқоршылық кеңестің мүшесі бұл жобаны іске асыру қосымша білім беру шеңберінде Шахтинск қаласы оқушыларының ғылыми-техникалық шығармашылығы мен кәсіптік бағдарлаудың тиімді жүйесін одан

әрі дамыту бойынша кешенді тәсілді қалыптастыруды қамтамасыз ететініне ерекше назар аударды.

2. Гриценко Н.В. – Қамқоршылық кеңестің мүшесі биыл тағы бір жоба – "Тарлан" мектеп картодромы мен "Картинг мектебінің" ашылуы іске асырылғанын атап өтті. Мұның бәрі балалардың қосымша біліммен қамтылуын арттыруға ықпал етеді.

Қаулы етті:

1. Оқушылар сарайы ұжымының ғылыми-техникалық шығармашылық жүйесін дамыту жөніндегі жоспарлы және мақсатты жұмысын атап өту.

Шешім бірауыздан қабылданды.

Тыңдады:

2. Екінші сұрақ бойынша Оқушылар сарайының директоры И.Э.Шмик Қамқоршылық кеңестің барлық қатысушы мүшелерін 2025 жылға жұмсалған бюджет қаражаты және 2026 жылға арналған қаржыландыру жоспарымен таныстырды.

Сөз сөйлегендер:

1. Кропачева Л.А. – Қамқоршылық кеңестің мүшесі Оқушылар сарайының әкімшілігі үйірмелердің МТБ нығайтуға, бөлінген бюджет қаражаты негізінде ағымдағы жөндеу жүргізуге (қасбетті, гараждарды жөндеу және 2 корпусы абаттандыру, картодром салу, кабинеттерді ағымдағы жөндеу, үйірмелердің МТБ нығайту, интерактивті жабдықтар сатып алу және т.б.) көп көңіл бөлетініне қатысушылардың назарын аударды.

2. Шульгинова Р.В. – қамқоршылық кеңестің мүшесі Оқушылар сарайының әкімшілігі бөлінетін бюджет қаражатын ұтымды және мақсатты жұмсау бойынша жүйелі жұмыс жүргізіп жатқанын атап өтті. Барлық сатып алулар мен қызметтер "Мемлекеттік сатып алу туралы" Заңға сәйкес, сондай-ақ бекітілген Мемлекеттік сатып алу жоспары негізінде жүргізіледі. Жаңа 2026 жылға арналған қаржыландыру жоспары ұйымның қажеттіліктерін ескере отырып сауатты жасалды, ғимараттар мен үй-жайларды күтіп-ұстауға және оларға қызмет көрсетуге арналған шығыстар ескерілді.

Қаулы етті:

2. Оқушылар сарайы әкімшілігінің бюджет қаражатын мақсатты және ұтымды жұмсау жөніндегі құзыретті тәсілін атап өту.

Шешім бірауыздан қабылданды.

Тыңдады:

3. Үшінші сұрақ бойынша қамқоршылық кеңестің төрайымы И.Д.Сторожко барлық қатысушыларды Қамқоршылық кеңестің 2025 жылғы жұмысы туралы есебімен таныстырды.

Сөз сөйлегендер:

1.Гордеева Т.В. – Қамқоршылар кеңесінің мүшесі, ол Қамқоршылар кеңесінің мүшелері биылғы жылы жоспарланғанның бәрін барынша орындауға тырысқанын атап өтті.

2.Варзаев А.С. - Қамқоршылық кеңестің мүшесі қатысушылардың назарын жыл бойы Қамқоршылық кеңестің мүшелері Оқушылар сарайының әкімшілігімен, ата-аналар қоғамымен тығыз байланыста жұмыс істегеніне аударды. Сондай-ақ, әлеуметтік серіктестермен жұмыс істеуге көп көңіл бөлінгенін атап өтті.


Қаулы етті:


3. Қамқоршылар кеңесінің 2025 жылғы жұмысы қанағаттанарлық деп саналсын. Оқушылар сарайының әлеуметтік серіктестерімен жұмыс жөніндегі Қамқоршылық кеңестің мүмкіндіктерін пайдалануды жалғастыру. Шешім бірауыздан қабылданды.


Қамқоршылық кеңесінің төрайымы


 И.Сторожко

Қамқоршылық кеңесінің мүшелері


 Р.Шульгинова

 Ж.Зылгарина


 Т.Гордеева

 Н.Гриценко

 Б.Нурпеисова

 Л.Кропачева

 А.Варзаев

 С.Сагадиева

Қамқоршылық кеңесінің хатшысы

 Н.Гилев